

**RESUME**

**S.Sh. Khamzina**, *Master of Economical Science*  
*Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

***Some aspects of human resources management performance indicators at the enterprise***

*This article views the theoretical aspects of the evaluation of the forensic and expert activity as well as the analysis of experts' tasks on the assignments of different law-enforcement authorities and individuals.*

**Key words:** *legal expertise, legal expert judgment, types of expertise, methods of expert investigations.*

**УДК 502/504:37.03**

**Ш.Ш. Хамзина**, педагогика ғылымдарының кандидаты,

**А.Е. Курабаева**, техника және технология магистрі,

**М.С. Кадырова**, «Өмір сүру қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша техникалық ғылымдар магистрі,

**М.М. Поух**, «Менеджмент» мамандығы бойынша экономикалық ғылымдар магистрі,

**Г.М. Омарова**, «Экология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдары магистрі

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: khamzina\_64@mail.ru

**Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға ауысу тұжырымдамасын іске асыру үшін бейресми экологиялық білімді дамыту мәселелері**

**Аннотация.** *Мақалада аймақтың экологиялық проблемаларын әлеуметтік зерттеу нәтижелері келтіріліп, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасалған.*

**Түйін сөздер:** *экологиялық білім, экологиялық мәдениет, жасыл экономика, экологиялық проблемалар, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.*

Елдегі экологиялық жағдайдың нашарлауы мен табиғи ресурстардың азаюының басты себептерінің бірі қоғамның экологиялық мәдениетінің төмен деңгейі болып табылады. Бұл мәдениеттің қалыптасуы экология саласындағы мемлекет қызметінің басым бағыты, экологиялық қауіпсіздік пен елдің дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етудің ең маңызды факторы болып танылды. Сондықтан да адамның табиғатқа деген тұтуншылық қарым-қатынасы, сарқылмалы табиғатты пайдалану (сонымен қатар стратегиялық ресурстар мен табиғи байлықтарды жаппай сату), қалпына келтіретін әлеуметтің кенет төмендеуіне әкелген табиғатқа шамадан тыс техногенді әсер тигізу сияқты қоғамның кемшіліктерін экологиялық мәдениеттің төмен деңгейімен түсіндіруге болады. Бұл техногенді әсер, әсіресе, Қазақстандағы экологиялық апат зоналары санының өсуіне әкеліп соқтырды. Оларды қайта қалпына келтіру үнемі артып отыратын материалдық шығындарды, шамамен елдің ұлттық табысының жартысын талап етеді.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» ауысу тұжырымдамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғаудағы жаңа экомәдениеттің кең қоғамы ішінде тәрбиенің болуы міндет. Халық арасында энергия, су және басқа да табиғи ресурстарды пайдалануға үнемділік және жауапкершілікпен қарауды, қалыптастыру күнделікті қоқыстарды өңдеу үшін, оларды жеке-жеке жинауды әдетке айналдыру қажет [1].

Бейресми экологиялық білім арқылы экологиялық мәдениет және табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асырудағы білімнің құрамды бөлігі болып табылатын қоғамдық дамудың негізгі мақсаты болып табылады.

Әлеуметтің экологиялануы халықтың экологиялық санасы мен сауаттылығын дамытудың қуатты серпіні болуы тиіс, ол ҚР «жасыл экономикаға» тез арада ауысу мүмкіндіктің туғызады. «Жасыл экономика» - бұл экономика, табиғи ресурстарының нәтижелі пайдалануы сонымен қатар өндірістік циклге соңғы пайдаланыстағы өнімдерінің қайтарылуын қамтамасыз ететін қоғамның аман сақталуына бағыт береді [2].

Зерттеудің өзектілігі өзінің шешімі үшін едәуір маңызы бар экономикалық және әлеуметтік күшейтуді талап ететін және халықты қамтитын жергілікті экологиялық мәселелердің өсімі мен қоршаған ортаға тура және жанама әсер ету жайында халықтың ақпараттандырылу деңгейінің анықталуымен сипатталады.

Экологиялық білім беру жеке тұлғаның қоршаған орта жағдайына жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен білік жүйесін, құндылықтар бағдарларын, адамгершілік-эстетикалық қатынастарды

калыптастыруға бағытталған тәрбиенің, оқытудың, тұлғаның өздігінен білім алу және дамуының үздіксіз процесі түрінде келеді [3]. Бейресми экологиялық білім беру арқылы экологиялық білім таратудың және насихаттау қызметі оқу орындарында сырттай жүзеге асырылады. Бейресми экологиялық білім беру қоғамның әр мүшесінің қоршаған ортаға қарым-қатынасын өзгерту үшін қоғамның барлығын қамту керек. Бір жағынан, олардың қоршаған ортаға жауапкершілік қатынасын жоғарылату, басқадан - қоғамның барлық мүшелерге қажетті білім беру, өз қызметтерін, табиғи жағдайларын әлеуметтік өмірде нашарлаптай немесе қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту осылай мүмкіндік ашуын жүзеге асырады [4].

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға ауысу тұжырымдамасын жүзеге асырудағы шешуші фактор ретінде қазақстандық қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің анализі мен бейресми экологиялық білімнің маңыздылығын анықтау зерттеудің мақсаты болып табылады.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасында экологиялық білім беру негізінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселесі және қоғамның экологиялық мәдениетін зерттеу мәселесі болып табылады. Қазіргі экологиялық жағдайда қазақстандық қоғамның көрінуі мен олардың қалыптасу мәселелері, қоршаған орта мен қоғамның экологиялық мәдениетінің байланысын зерттеудің мәні болып табылады.

Зерттеу мәселесіне, мәні мен мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

- зерттеу тақырыбындағы әдебиетке аналитикалық шолу жасау;
- қоғамның экологиялық санасын қалыптастырудағы бейресми экологиялық білім мен мәдениеттің рөлі мен мәселелерін ашу және талдау;
- Павлодар облысының экологиялық мәселелерінің әлеуметтік зерттеуі мен мониторингін жүргізіп, олардың ішіндегі аймақ тұрғындарын толғандыратын ең өзекті мәселелерді анықтау;
- Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасының стратегиясын жүзеге асырудағы шешуші фактор ретінде қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды ойластыру.

Зерттеудің ғылыми жаңа құбылысы аумақтың экологиялық мәселелері мен қоршаған ортаны қорғау қоғамдық пікірін қалыптасуы қоғамның әлеуметтік сұранысын салыстырмалы талдау нәтижелерінің жүйесін айқындау және кезеңді өткізу.

Орхус конвенциясының негізгі қағидаттарының бірі - экологиялық маңызды шешімдерді қабылдау үдерісіне қоғамды қатыстыру мен экологиялық саясатты жетілдіру кезіндегі қоғамдық пікірді ескеру болып табылады [5]. Анықталған мәселелерді жою бойынша басарушылық шешімдер қабылдау үшін зерттелетін елді мекендердегі негізгі экологиялық мәселелердің мониторингін әлеуметтік зерттеудің басты мақсатына айналды.

Жынысы, жасы, қоныстанған аумағы бойынша ересек адамдар туралы мәлімет жинайтын квоталық іріктеме негізінде тілшілер пікіртерін жүргізді. Барлығы 396 адам қатыстырылды. Зерттеу Павлодар, Екібастұз және Май аудандарында өтті [6].

Экологиялық жағдайдың бағасы. Зерттеудің нәтижесі бойынша сұрастырылғандардың 71 %-ы қала мен ауданның экологиялық жағдайына наразылығын білдірді. Экологиялық жағдайды «қанағаттанарлық» деп есептейтіндердің саны 25 %-ды құрайды.

Жағымсыз экологиялық жағдай 45-54 жастағы (86 %) және 55-64 жастағы (87 %) адамдарды мазалайды.

Тұрған жеріне байланысты Екібастұз қаласының тұрғындарын қаладағы экологиялық жағдай қанағаттандырмайды (79 %). Павлодар қаласы және Май ауданының тұрғындары экологиялық жағдайды «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз» деп санайды.

Жалпы халық арасында экологиялық жағдайдың дамуы жайында пессимистік болжамдар бар. Егер 39 %-ды экологиялық жағдайдың өзгермеуі деп санасақ және бастапқы нашар фон сол уақытта 28 %-ды құраса, экологиялық жағдай міндетті түрде құртылады. Егер нашар экологияны Павлодар қаласында анықтаса (39 %), экологиялық фонның сақталмауы негізінен Екібастұз қаласының тұрғындарында (44 %) және Май ауданында (48 %) байқалады.

Бірінші үштікте: судың ластануы, ауаның ластануы (53 %), ауыз су сапасының нашарлауы (40 %), ауру адамдар санының артуы (36 %). Тұрғындардың тұрақтануына байланысты экологиялық проблемалар әртүрлі. Сондықтан да Павлодар қаласының тұрғындары судың, ауаның (48 %) ластануымен алаңдаулы, Ертіс өзені (40 %) және автокөліктердің ауаның ластануы (32 %-ға дейін) өсті.

18-24 жас арасында науқастану деңгейінің көбеюі мәселесі (35 %) және қоршаған ортада улы заттардың бар болуы (35 %) мәселелері байқалады.

Экологиялық мәселенің жүйесі Екібастұз қаласы мен Павлодар қаласының айырмашылықтары бар. Жыныс байланысы аралығында әйелдер ауыз су сапасының нашарлауы (56 %) және қоршаған ортаның ластануы (ауа, су, топырақ) мазаласа, ерлерді халық арасында ауру деңгейінің көбеюі (45 %) және улы өндірістік заттар болатын күл үйінділері (36 %) ойландырады. Көбінесе су мен ауаның ластануын 25-44 жас аралығындағы респонденттер атап айтқан. Өнеркәсіп өндірістерде тазартатын құрылыстардың жоқтығы деп 55-64 жас аралығындағы сұрастырылғандар назар аударды (42 %).

Зерттеу нәтиже бойынша Май аудандың тұрғындары ауыз су сапасының нашарлауы (83 %), су мен ауаның ластануын (63 %), радиациялық фоны жоғарлауы (53 %) мәселелері мазалайды, демек халықтың арасында аурулар көбею жағдайы байқалады. 25-34 жас аралығындағы сұрастырылғандар ауыз су сапасының нашарлауы мен ауаның ластануымен мазаланады.

Анықталуы бойынша экологияға жағымсыз әсер ететін зауыттар қатарына: «Қазақстан алюминий» АҚ (57 %), «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (45 %) және «Павлодар мұнайхимия зауыты» АҚ (36 %) кіреді. Экологияның өзгерісі мекенжайдың орналасуына байланысты болады. Мысалы, Павлодар қаласы экологиясының жақсаруы ең алдымен экологиялық ұйымдардың белсенділігімен (36 %) және жергілікті үкімет органдарына (36 %) тікелей байланысты.

18-24 жас және 45-54 жас аралығындағы респонденттер айтылған өндірістердің экологиялық кері әсерін байқады.

Өндірістік кәсіпорындардың рейтингтерінде, жалпы, Павлодар қаласында «Қазақстан алюминий» АҚ (78 %) және «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ (65 %) экологиялық жағдайға кері әсер тигізетін кәсіпорындар ішінде көшбасшылық етеді. Екібастұз қаласының «Экибастуз энергоцентры» АҚ, «AES Экибастуз» ЖШС және «БАК» ЖШС сияқты барлық үш ірі ұйымның қызметін халық қауіпсіздіктің экологиялық нормаларына сәйкес келмейтін кәсіпорындардың «қара» тізіміне енгізді.

Әлеуметтік зерттеу бойынша белгіленген экологиялық талаптарды қандай да бір дәрежеде сақтайтын өндірістік кәсіпорындарды анықтауға әрекет етіп көрдік, бірақ сұрастырылғандардың жартысы (53 %) бұл сұраққа жауап беруде қиындық туғызды. Алайда қоршаған ортаға тигізетін теріс әсері төмен бірнеше өндірістік кәсіпорын анықталды, олар: Павлодар сүт зауыты, Павлодар-Водоканал, Павлодартүз және т.б.

«Невада - Семей - Павлодар ядроға қарсы қозғалыс» ҚҰ – 72 % және «Павлодар - біздің ортақ үйіміз» ҚҰ – 39 % экологиялық ұйымдар жетекшілік етеді. Басқа экологиялық ұйымдардың экологиялық мәселелері бойынша белгілі деңгейі өте төмен 2-ден 9 %-ды құрайды. «Невада - Семей - Павлодар» ядроға қарсы қозғалыс» ҚҰ Май ауданында (95 %), қоғамдық ұйымдардың белгілі көрінісі жоғары, ҚҰ «Павлодар – біздің ортақ үйіміз» - Павлодар қаласында (49 %) және Екібастұз қаласында (33 %).

Экологиялық жағдайды жақсартуға Маслихат депутаттарының белсенді қызметі (42 %), өкімет органдарының бақылауды күшейтуі (37 %) және өндірістік кәсіпорындарының экологиялық қауіпсіздігі сақтайтын мөлшерінің негізгі шаралары болып саналады (30 %).

Тұрғын жерлердің белгісі бойынша да елеулі өзгерістері бар. Мысалы, Павлодар қаласының халқы экологиялық жағдайдың жақсартуын экологиялық ұйымдардың (36 %) және жергілікті өкімет органдарының (35 %) бақылауларының белсенді қызметтерімен байланыстырады. Екібастұз қаласы халқының пікірінше, экологиялық жағдай жергілікті өкімет органдарының бақылаулары күшейтілген кезде (56 %) және кәсіпорындар ұйғарылған экологиялық талаптарды орындағанда (47 %) жақсарды.

Павлодар және Екібастұз қалаларының тұрғындарымен салыстырғанда, Май ауданының халқы экологиялық сұрақтарда өкілдік үкімет органдарының (Маслихат – 73 %) және мемлекеттің (70 %) ерекше маңызды белгілейді. Май ауданының халқы экологиялық мәселелерде экологиялық ұйымдардың (3 %) маңызы аз деп белгілейді.

Жоғарыда айтқандай, экологиялық ұйымдардың белгілі деңгейі жоғары болғандықтан, халықтың пікірі бойынша, Май ауданында олардың рөлі аз. Аудан халқының көбісіне кедей шегінде тұратын халыққа мемлекет жағынан берілетін экологиялық жәрдемақы және жеңілдіктер экологиялық мәселелердің шешуі емес жалғыз материалды табыстың көзі болып саналады. Бұны Май ауданы халқының материалдық жағдайы көрсетеді, сұрастырылғандардың 57 %-ы өз әл-ауқатын «Ақша тек азық-түлікке ғана жетеді, бірақ киім сатып алу қиын» деп анықтады.

Екібастұз қаласы тұрғындарының ойынша, қаланың экологиясын жақсарту үшін үкімет тарапынан бақылауды нығайту (56 %) және экологиялық ережелерді қатаң сақтау (47 %).

Жалпы, сұрастыру бойынша тұрғындардың 20 %-ы қатты-тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесімен қанағаттанады, негізінен олардың көбі Май ауданының тұрғындары (58 %), алайда басым көпшілігі басқару жүйесімен қанағаттанбайды, олардың ішінде (60 %) Павлодар қаласының және Екібастұз қаласының (74 %) тұрғындары. «Жасыл» экономика туралы не білесің деген сұраққа ешкім жауап бере алмаған.

Өткізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, қоғамның экологиялық мәдениетінің қалыптасуы Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға өту тұжырымдамасын іске асырудағы шешуші фактор болып табылатын атап айту қажет.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға ауысу тұжырымдамасының, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық пікірдің және ауданның экологиялық жағдайы туралы жедел түрде ақпаратпен қамтамасыз ету стратегиясында:

- бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесін кеңейту, оларды қоғамның үлкен бөлігіне қолжетімді еткізу, қоғамдық сананың экологизациясындағы рөлін арттыру;
- билік органдары тарапынан өнеркәсіп мекемелердің бақылауын күшейту;
- өнеркәсіп мекемелерінің экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтауы;
- қоғамдық маңызды адамдардың (журналистердің, депутаттардың атқарушы билік органдары қызметкерлерінің) ақпараттық кампаниясын өткізу;

- қоғамдық экологиялық қозғалыстарды ұлттық және аймақтық экологиялық саясатты жүзеге асырудың кілтті механизміне айналдыру;

- адамдарды қатыстыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажет;

- өткізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесінде айқындалған, Май ауданы тұрғындарының күрделі әлеуметтік-экологиялық мәселелерін шешу бойынша, соның ішінде су сапасының нашарлауы, радиациялық фонның жоғарылығы, осыдан туындайтын халықтың ауыру деңгейінің артуы мәселелері бойынша депутаттардың жұмысын белсендендіру қажет.

ҚР «Жасыл экономикаға» ауысу тұжырымдамасымен анықталған, міндетті шешудегі басымдық бағыт, бұл экологиялық ағарту. Тұжырымдаманы іске асырудағы көпшілік механизмдердің бірі, көптеген экология бағыттарында алдағы деңгейдегі елдерден біздің еліміздің қалып қоюын жету, табиғатты экстенсивті пайдаланбау, ведомствалық диктант, құқықтық нигилизм және экологиялық біліксіздікке жол бермейтін экологиялық қауіпсіздік жүйесін құру.

Экологиялық мәдениет білім беру, тәжірибе жолынан, ұрпақтан ұрпаққа, адамнан адамға қалыптасады. Сондықтан халықтың мәдениет деңгейін жоғарылату керек. Адамдардың адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы, қоршаған ортаның және қоғамның үйлесім байланысын құру, балалардың келешегіне жауапкершілік сезім мен тәрбиелеу рөлін білім беруге бағдарлау [7].

Адам мен қоршаған орта қарым-қатынасының мәселелеріне деген дүниетанымдық тәсіл ғана мемлекеттік шенеуніктердің, заң шығарушылардың, табиғат пайдаланушылардың, азаматтардың яғни барлықтарымыздың оған деген қатынасымызды өзгертуге мүмкіндік береді, себебі бұл қатынас мәдениеттің элементі болады, онсыз адам қоғамы эволюциясының қазіргі кезеңінде адамды өркениетті деп қабылдай алмайтын боламыз [8].

«Жасыл экономика» тұжырымдамасын аймақтық деңгейде іске асыру үшін төмендегілер қажет:

- халықтың ақпараттық-экологиялық ағартуын күшейту;

- халықтың әртүрлі топтарының біліктіліктерін жоғарылату мен даярлаудың экологиялық білім беру бағдарламаларын кеңейту;

- мемлекеттік және атқару органдарының жұмысшыларына экобілім беруінің интерактивтік әдістерін жасап шығару және енгізу (семинарлар, дөңгелек үстел т.б.);

- қоғамдық экологиялық сана мониторингін жүзеге асырудың ұйымдық негіздерін жасап шығару және енгізу;

- қазіргі заманғы ақпараттық технология арқылы экологиялық ақпаратқа қолайлы жүйе құру.

## ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Сковрцов В.В. Экология Казахстана: проблемы, задачи, решения: учебное пособие. - Алматы: Интеграл, 2010. - 412 с.

2 Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности - обобщающий доклад для представителей властных структур. ЮНЕП, 2011.

3 Исаков Н. Экологизация экономики и общества // Экология и устойчивое развитие. – 2009. - № 1. - С. 4-5.

4 Моисеев Н.Н. Экология и образование. - М.: ЮНИСАМ, 1996. – 196 с.

5 Бондаренко А.П. Реализация общественных экологических слушаний: учебно-методическое пособие. - Павлодар, 2008. - 57 с.

6 Хамзина Ш.Ш., Кадырова М.С. Развитие неформального экологического образования в Республике Казахстан. // Вестник КазНУ. Серия экологическая. - 2013. - №2/1. - С. 176-178.

7 Глазачев С.Н., Козлова О.Н. Экологическая культура. - М.: Зеленый мир, 1998. – 114 с.

8 Нуркеев С.С., Мусина У.Ш. Экология. - Алматы, КазНТУ, 2005.

## REFERENCES

1 Skvorcov V.V. Yekologiya Kazahstana: problemy, zadachi, resheniya: uchebnoe posobie. - Almaty: Integral, 2010. - 412 s.

2 Navstrechu «zelenoy» yekonomike: puti k ustoychivomu razvitiyu i iskoreneniyu bednosti - obobshhayushhiy doklad dlya predstaviteley vlastnyh struktur. YuNEP, 2011.

3 Iskakov N. Yekologizatsiya yekonomiki i obshhestva // Yekologiya i ustoychivoe razvitie. – 2009. - № 1. - S. 4-5.

4 Moiseev N.N. Yekologiya i obrazovanie. - M.: YuNISAM, 1996. – 196 s.

5 Bondarenko A.P. Realizatsiya obshhestvennyh yekologicheskikh slushaniy: uchebno-metodicheskoe posobie. - Pavlodar, 2008. - 57 s.

6 Hamzina Sh.Sh., Kadyrova M.S. Razvitie neformal'nogo yekologicheskogo obrazovaniya v Respublike Kazahstan. // Vestnik KazNU. Seriya yekologicheskaya. - 2013. - №2/1. - S. 176-178.

7 Glazachev S.N., Kozlova O.N. Yekologicheskaya kul'tura. - M.: Zelenyy mir, 1998. – 114 s.

8 Nurkeev S.S., Musina U.Sh. Yekologiya. - Almaty, KazNTU, 2005.

**РЕЗЮМЕ**

*Хамзина Ш.Ш., кандидат педагогических наук,  
Курабаева А.Е., магистр техники и технологии,  
Кадырова М.С., магистр технических наук по специальности «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды»,  
Поух М.М., магистр экономических наук по специальности «Менеджмент»,  
Омарова Г.М., магистр естественных наук по специальности «Экология»  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

***Проблемы развития неформального экологического образования для реализации  
Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике»***

*В статье приведены результаты социологического исследования экологических проблем региона, представлены рекомендации по формированию экологической культуры населения.*

**Ключевые слова:** *экологическое образование, экологическая культура, зеленая экономика, экологические проблемы, формирование экологической культуры.*

**RESUME**

*Sh.Sh. Khamzina, Candidate of Pedagogical Science,  
A.E. Kurabayeva, Master of Technical and Technological science,  
M.S. Kadyrova, Master of Technical Science,  
M.M. Poukh, Master of Economical Science,  
G.M. Omarova, Master of Natural Science  
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

***Problems of the development of informal ecological education for realization of the conception of the  
Republic of Kazakhstan on transition to green economy***

*There are given the results of social research of ecological problems of the region and presented recommendations on formation of ecological culture among the population.*

**Keywords:** *ecological education, ecological culture, green economy, ecological problems, formation of ecological culture.*